

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ - ҰЗАҚБАЙ ҚҰЛЫМБЕТОВТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСЫ МЕН ӨМІР ЖОЛЫ

Нурбаева Д.З.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Дүкенбаева З.О.

т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

2021 жылғы 31 мамырдағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеуінде: «Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді. Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз. Тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз» деген болатын [1]. Аталмыш мақаламызға өзек болып отырған Алаш қайраткері болған айбынды тұлға, көрнекті мемлекет қайраткері, қарапайым ауыл мұғалімінен қазақ үкіметінің төрағалығы қызметіне дейін көтерілген Ұзақбай Құлымбетов есімін бүгінде біреу білсе, біреу біле бермейді. Ер есімін, ел есінде қалдыру үшін, бүгінгі Тәуелсіз ұрпаққа ғылыми тұрғыда саралап, дәлелді құжаттармен жеткізуді жөн көрдік. Жоғарыда айтқан ойымыздың дәлелі ретінде белгілі Алаштанушы - тарихшы, академик Мәмбет Қойгелдінің: *«1920-1930 жылдар аралығында орталық Ресей біздің байлығымызға көз тікті. Сол байлығымызды жасырын алып қалуда үлкен еңбек сіңірген қайраткердің бірі – Құлымбетов Ұзақбай. Біздің алтын кеніштерімізді қайтарған – Ұзақбай Құлымбетов. Біздің экономикамыздың дамуына жағдай жасаған, өндірістің негізін қалаған – Ұзақбай Құлымбетов. АЛЖИР, КарЛаг сияқты лагерьлерді ашуға жер сұрағанда, «жер берілмесін» деп Қарағандының басшысына хат жазып, қазақ жерінде лагер тұрғызуға қарсы шыққан адам – сол кісі. Алайда, Қарағанды басшысы Сталиннің қолшоқпары болғандықтан, бұл іске тосқауыл қойды»* [2,1-бет]. Шын мәнінде, оның өмір жолы, қазақ елінің мемлекеттігін нығайту, әл-ауқатын арттыру, өндірісін, ғылым-білімін жолға қою жолында сарп еткен күш-жігері, ерен еңбегі өз заманында күрескерліктің жарқын үлгісі болды. Ұзақбай Құлымбетов – өткен ғасырдың 20-30 жылдарында Голощекиннің төңірегінде қалыптасқан партия, кеңес қызметкерлерінің бірі және бірегейі.

Бүгінгі егемен елімізде Мемлекет басшысы мен Үкімет тарапынан тұлғаны қалыптас-тыруға қажетті барлық шаралар белгіленген. Әрі ол қазір кезең-кезеңімен жүйелі түрде іске асып келеді. Әлеуметтік-экономикалық және индустриялық-инновациялық реформалар, «Мәдени мұра», «Болашақ» бағдарламалары, «Интеллектуалды ұлт» жобасы және интеллектуалды ұрпақ әзірлеуге бағытталған мемлекет гранттары осы пікіріміздің дәлелі. Мұның бәрі тұлғаның жан-жақты қалыптасуына тиісті негіз қалайды. Өйткені, жас мемлекеттің алдында тұрған жаңа да тың, күрделі міндеттер тек тұлғалар, олардың түсінігі, ерік-жігері мен іс-қимылы арқылы жүзеге аспақ. Тұлға болмаса өркениетті өмір жоқ. Оған қоса сапалы білім, еселі еңбек, өнікті өнім де болмақ емес. Сондай-ақ тұлға болмаса, ғылым мен мәдениетте, өндірісте бәсекелестік те болмайды.

Міне, осы орайда, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ақтаңдақтар тарихына» шолу жасағанды жөн көрдім. Кеңестік үкіметтің құрушысы бола жүріп, өзі құруға ат салысқан мемлекет саясатының құрбаны болған тұлғалар қаншама? Сондай таудай тарихи тұлғалардың бірі және бірегейі 1924 жылы Қазақ Орталық атқару Комитетіне, кейін бүкілодақтық Орталық атқару комитетіне мүшелікке өткен 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталғанша осы биіктерден бір саты төмендемеген Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов туралы болмақ. 1925 жылы Өлкелік халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, 1926 жылы Қазақстан Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары, бір мезгілде

Мемлекеттік жоспарлау комитеттінің төрағасы, сауда халық комиссары мідеттерін атқарған Ұзақбай Құлымбетов 4-5 жылдың ішінде ауылдық, уездік деңгейдегі қызметкердің одақтық мәртебесі бар басшы биігіне көтерілуі оның бойындағы ерекше қабілеттіліктерді растағандай. 1935 жылы Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалған. Тұғыры биік тұлға қазақ елінің болашағы үшін қызмет жасады. 20 жылға жуық өмірін социалистік идеяға арнады [2,4-бет].

Қазіргі таңда Отанына қалтқысыз қызмет ете жүріп опат болған тұлғаның ғылыми келбеті мен әдеби көркем тұрғыдан танудың да аздығы байқалады. Осы олқылықтың алдын-алу мақсатында және Отаны үшін аянбай еңбек еткен дара тұлғаларды ел есінде қайта жаңғырту мақсатында Ұзақбай Құлымбетов туралы естеліктер мен құжаттарға шолу жасағанды жөн көрдік. Тұлға өзімен ғана емес, елімен, халқымен тұлға. Оған өзін ғана өсіру, өзін ғана қамтамасыз ету аз. Ол елін, халқын өсіруге, жетілдіруге, аяғынан тік тұрғызуға тырысады. Тарихта өз бағасын алған тұлғаларымыз да жетерлік, дегенмен өз бағасын тиісті деңгейде ала алмай келе жатқан «боздақтардың» рухына тағзым етіп, ұрпаққа аманат ретінде табыстау әрбіріміздің міндетіміз деп санаймыз.

Аталмыш ойымыздың жалғасын, белгілі кәсіпқой тарихшы Талас Омарбеков: «Ұзақбай Құлымбетовты - Т.Рысқұлов, О.Жандосов, Н.Нұрмақов сияқты қайраткерлердің қатарына қосу керек. Онымен тағдырлас, қызметтес, үзеңгілес болған С.Сейфуллин, О.Исаев, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Т.Жүргенов, С. Меңдешев және т.б. қайраткерлер халыққа кеңінен танылып, олар туралы кітаптар, деректі фильмдер жарық көрді. Мүсіндері орнатылып, мектеп, институт пен ауылдарға есімдері берілді. Бір өкініштісі, Ұзақбай Құлымбетовке елімізде бір мектептің де аты берілмеді. Өзінің тарихи бағасын осы кезге дейін ала алмай келе жатқан тұлғаның еңбегін елейтін, ерлігін ескеретін кез жеткен жоқ па? [3]

Еліміздің Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Өткеніміздің жалындаған отыналуымыз керек, күлін емес», Ұзақбай Құлымбетовтей нар тұлғалардың өмір жолы жастардың рухын шындатып, намысын оятары сөзсіз» - деп айтқан сөздерін басшылыққа ала отырып, Ұзақбай Құлымбетов туралы біз не білеміз? Жастар не біледі? Ол туралы тарих хаттары қандай сыр шертетінін шолып көрелік!

Ұзақбай Құлымбетов Қазақстанның экономикасына нарықтық қатынастарды енгізуге жәрмеңкелер септесетінін жақсы білгендіктен, Темірде, Ойылда, Қояндыда, Әулиеатада ұйымдастырылатын жәрмеңкелердің жұмыс жасауына қолдау көрсетті.

Ұзақбай Құлымбетовтың автобиографиясынан оның 1891 жылы 18 наурызда Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында дүниеге келгендігін білеміз. Ата-анасы өздері хат танымайтын болса да, баласының білім алуына ден қойған, баласының болашағына алғашқы қадамдардың бірі бала Ұзақбайды 8-13 жас аралығында молладан арабша хат танытуға береді [2, 344-бет].

1904 жылы ауылдық үшжылдық мектепке орыс тілінде білім алғаннан кейін Ырғыз орыс-қазақ екі сыныптық училищеде төрт жыл білім алған. 1910 жылы Ақтөбедегі екіжылдық педагогикалық курсқа түсіп, 1912 жылы тәмәмдаған. Педкурста оқып жүргенде әкесі қолда бар малын сатып, баласының білім алуына қолдау көрсеткен. 1912-1918 жылдар аралығында Торғай және Ырғыз уездерінің шалғай ауылдарында мұғалімдік еңбек жолынан өтіп, жастарға білім берген. Өзінің естеліктерінде, осы жылдарда газет, журналдар мн жаңалықтардан қол үзіп қалғандығын жазған.

Ұзақбай Құлымбетов XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанда жүзеге асқан социалистік түбегейлі өзгерістердің ортасында жүрді. Кеңестік кезеңдегі ұжымдастыру, индустрияландыру, мәдени революция мен әкімшілік-аумақтық аудандастыру, әліпби реформасы мен астананы Қызылордадан Алматыға көшіру, денсаулық сақтау мен сауда қызметін ұйымдастыру – оның бәріне үлес қоса алды. Нақтырақ айтсақ, Қазақстанды аграрлы республикадан индустриалды елге айналдырудың нақты жолдарын қарастырды.

Ұзақбай Құлымбетовтің мына сөзіне де құлақ түрейік: «Мен Өлкелік Комитетінің хатшысы Ф.Голощекиннің республиканың мал шаруашылығын басқаруда нақтылы

басшылық жасай алмауына, егіншілік аудандардың қолданыстағы әдістерін жиі мал шаруашылығы саласына қолданысқа енгізгеніне алғашқылардың бірі болып қарсы шықсам да, Өлкелік комитеттің Бюро мүшесі ретінде жіберілген қателіктерге жауап беремін» (1933 жыл, шілде). Болмаса «Мен өз рөлімді аппаратты «бүлдірушілер» қатарына қоспаймын» дей келе, «...осы кемшіліктер үшін Өлкелік комитеттің бұрынғы басшылары ғана емес, бүкіл Қазақстан партия ұйымы кінәлі. Бұл кемшіліктерді алдағы уақытта қайталамас үшін айрықша атап көрсетуіміз керек», дейді [3].

Ұзақбай Құлымбетовтың сөзінен қайсарлық пен рухты байқаймыз, ең бастысы өз арының алдындағы адалдығынаңғаруға болады. XX ғасырдың басында Қазақстанда қалыптасқан саяси экономикалық жағдайлардың дұрыс жүрмеуіне өз бағасын бере келе, жіберілген қателіктер үшін өзінің де жауапты екендігін нұсқап көрсетеді. Сол кездегі солақай саясаттың шеңберінен шығып өз пікірін тыңдата алу да сол заман үшін үлкен жетістік. Ұзақбай Құлымбетов Қазақстанда жүргізілген «ұжымдастыру» саясатының кемшіліктерімен қателіктерін талай мінберлерден тай салмай айтуға тырысқан, дегенмен оның сөзі жоғарыдағыларды мүддесімен сәйкес келмегендіктен оның пікірлері мен ұсыныстарына құлақ асатын жан табылмады.

Өнеркәсіпті ілгерілету Қазақстанның экономикалық кіріптарлығын жоятындығын айта алды. «Егер жалпы Кеңестер Одағының өнер кәсібімен салыстырғанда біздің өнеркәсіп 1,2 процент екен. Мұның ішінде Қазақстанның жерінде болғанымен, пайдасын Кеңестер Одағы көретін кәсіпорындар да бар. Міне, бұл өнер кәсібіміздің артта қалғандығын, өнеркәсіпті шаруашылық өніміне сәйкес келтір туралы көрсетілген нұсқаудың жүзеге аспағандығын көрсетеді. Сондықтан бұдан былайғы біздің міндетіміз – өнеркәсіпті өркендету, өркендеткенде алдымыздағы 10 жылдың ішінде өнеркәсіп өндірісін 100 процентке жеткізбегенмен, 70-75 процентке жеткізу керек. Мұны істесек, шаруашылықтың бұйымын өз орнында іске асырып, тауар ғып шаруаның қолына беріп отырсақ, қала мен ауылды ұжымдастыру ұранын жүзеге асырған болып шығамыз», - деп Қазақстанның экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс жасау керектігін көрсеткен. Сонымен қатар, Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіп желісін дамыту арқылы, халық шаруашылығын дамытудың жолдарын ашып көрсете алды [2, 5-бет].


Голощекин биліктен кетіп, орнына Л.И.Мирзоян келісімен, Ұзақбай Құлымбетов оның қабылдауында болып, «коллективтендіру» мен тәркілеуден, ашаршылықтан кейін тұралап қалған ұлт мәдениетін көтеру жөнінде ұсыныстар жасаған. Ол үшін сыртта жүрген, білікті мамандарды елге шақыру керектігін жеткізді. Өзбекстанда жүрген Т.Қ.Жүргеновті елге шақыртып ұлт мәдениетін көтеруді тапсырды. Жүргенов мұны санаулы жылдарда жолға қойды [3]. Ұзақбай Құлымбетовтың өлкеде қалыптасқан жағдайды баяндап қана бермей, нақты шешу жолдарын ұсынуы да, оның кемел саясаткер екенін көрсетеді, ең бастысы ұлт жанашыры қырдағы ауылда қалған елдің тағдыры тәлкіге түкенде тайсалмай басшылыққа халықтың ауыр жағдайын жеткізген тұлғалар санаулы ғана болатын, солардың бірі – Ұзақбай Құлымбетов болатын.

2017 жылы Алматы облысы әкімі Амандық Ғаббасұлы Баталов Жаңалық ауылында музей тұрғызуға тапсырма берген екен. Нәтижесінде 2018 жылдың 1 желтоқсанында «Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі» салтанатты түрде ашылған. (1-суретте) [4].



1-сурет

Осы музейде ескерткіш тақта орнатылған, сол тақтадағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының аттары жазылған. Әрбір есім бір тарих, әрбірі бір қыршыннан қиылған тағдырдың көрінісі. Осы тізімдегі және бұл тізімге енбеген қаншама «боздақтардың» аты аталмай, еңбегі еленбей келе жатыр? Бәріне де уақыт керек. Дегенмен Тәуелсіздігіміздің мерейтойы қарсаңында елі үшін аянбай күрескен әрбір тұлғаның есімі ұлықталуы тиіс деп санаймын. Осы тізімде 103-тізімде тұрған Ұзақбай Құлымбетов туралы әлі де зерттеулер мен мақалалар жарық көріп, тау тұлғаның мерейтойлары мемлекет деңгейінде тойланады деп сенеміз. (2-сурет)



2-сурет. 103-тізімде Ұзақбай Құлымбетов

Аз да болса саналы ғұмыр кешкен, ел есінде қалған тұлғаның есімінің ұрпақтар арасында таралуы керек. Жас ұрпақ ұлт зиялыларының ерліктері мен батыл қадамдарынан үлгі алуы керек. Жастардың рухын көтеру үшін де осындай таудай тарихи тұлғаларымызды ұлықтауды жалғастыруымыз керек. Ұзақбай Құлымбетовтың мерейтойларының мемлекет көлемінде тойланып, атының дәріптелуі Тәуелсіздік алған жылдары талай хаттар мен өтініштер жазылған болатын. Соның бірі 1991 жылы 21 наурызда Бүкілодақтық «Мемориал» қоғамы ұйымдастыру комитетінің және қазақ республикалық тарихи-ағарту «Әділет» қоғамының басқарма мүшелері М.Байділдаев пен А.Тасымбековтің Ұзақбай Құлымбетовтің туғанына 100 жыл толуына орай «Алматы ақшамы» газетіне шығарған «Елім деп туған ер еді» мақаласы болатын. Бұл мақалада 1938 жылғы наурыз айының 22-күні республиканың барлық газеттерінде троцкист-бухариншіл, ұлтшыл-фашист деп танылған қазақстандық 19 «халық жауының» атылғаны туралы ҚазТАГ хабары жарияланды. Олардың аты-жөні, қызмет орындары толық көрсетілді. Сонда ең бірінші болып Ұзақбай Құлымбетовтың аты аталады. Ал Құлымбетов туралы қазір қалың қазақ не біледі? Бүгінгі жұртшылықтың білетіні – Ұзақбай Құлымбетовтың Қазақ совет энциклопедиясының 7-том, 31-суреттегі он шақты жолдық өмірбаяны ғана [2, 355-бет]. Қазақстан тарихы беттерінде ақтаңдақтар тарихы әліде зерттеуді қажет етеді. Ұрпақсаяси қуғын-сүргін құрбандарымен олардың қуғынға ұшыраған ұрпақтары алдында қарыздар. Осындай қуғын-сүргіннің тәлкегіне түскен Ұзақбай Құлымбетовтың әлі де Қазақстан тарихындағы орны еленбей келе жатыр. Кезінде елінің болашағы үшін талай мінберлерден сөз сөйлеп, қазақ даласына қатысты арам пиғылдар мен ниеттердің орындалуына тосқауыл бола білген ел азаматтары қандай құрметке де лайық.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-baylanysty-undeui-3042646>
2. Ұзақбай Құлымбетов. Материалдар мен құжаттар жинағы. Алматы, 2017 жыл
3. Орынша Қарабалина-Қазыбаева: «Ұзақбай Құлымбетов қазақ мемлекетінің қалыптасуына сеп болған тұлға» <https://egemen.kz/article/265429-qazaqqa-qamqor-bolghan-qulymbetov>
4. <https://massaget.kz/layfstay1/bilim/gumanitarly-velymdar/tarih/57350/>